

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ИГІЛІККЕ БАСТАЙДЫ


Жұма күні Астанада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Индустрияландыру күні» өтті. Онда елімізде жүзеге асырылып жатқан Индустрияландыру бағдарламасының орындалу барысы қорытындыланып, Елбасының «Алтын сапа», «Парыз», «Өндірістегі үздік инновация-2013», «Үздік индустриялық жоба» атты арнайы сыйлықтары табыс етілді.

Салтанатты шара барысында жалпы ұлттық телекөпір ұйымдастырылды. Елбасы онлайн режимінде Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында қолға алынған 10 өндірістік жобаны іске қосты.

Ағымдағы жыл Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының төрт жылын тауысып, алғашқы бесжылдыққа аяқ басқан шақ. Онымен қоса, бұл Елбасының мемлекет алдына маңызды міндет қойған «Қазақстан-2050» Стратегиясын орындау кезеңіне кіріскен жыл. Яғни, осы жылдан бері Қазақстан әлемдегі ең озық отыз елдің қатарына кіру мақсатындағы күрделі жолдың алғашқы жылын артқа тастағаны отыр.

Мемлекет басшысы өз сөзінде республика индустриялық-инновациялық бағдарламаның бірінші бесжылдығын іске асырудың соңғы сатысына қадам басқанын атап өтті.

— Кейінгі 4 жылда 500-ден астам серпінді жоба іске асырылып, 60 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылды. Индустрияландырудың заңнамалық базасы қалыптастырылып, үнемі жетілдірілуде. «Бизнестің жол картасы – 2020», «Өнімділік – 2020», «Экспорттаушы – 2020» және басқа да бағдарламалар жүзеге асуда. Бүкіл бизнеске жеке бастамаларды мемлекеттік қолдаудың жүзге тарта құралдары ұсынылуда.



Теміржол саласы бойынша машина жасауды дамыту жөнінде көп жұмыс атқарылуда. Ел тарихында алғаш рет электровоздар, тепловоздар, жолаушылар мен жүк вагондарын құрастыру ісі жолға қойылды. Автомобиль өнеркәсібі дамып келеді. Мұндай серпінді өндірістер бұрын Қазақстанда болған жоқ. Бұл — біздің ортақ жеңісіміз, барша қазақстандықтардың жеңісі, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті бұл жұмыстар экономиканың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға, халықты жұмыспен қамтамасыз етуге, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталғанына тоқталды.

— Іске асырылып жатқан шаралардың арқасында 2013 жылдың қорытындысы бойынша экономика өсімі 6 пайыз деңгейінде болады деп сөзпарлап отыр. Инфляция 5 пайыздан, жұмыссыздық 5,2 пайыздан аспайды. Жалпы, елімізді индустрияландыру

үдерісі өте жақсы бастау алды. Қазір 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған индустрияландырудың екінші бесжылдығы жобасымен жұмыс жүріп жатыр. Бірінші бесжылдықтың тәжірибесін ескере отырып, біздің бұдан кейінгі қадамымыз нақты сараланған және дәл есептелген болуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті атап өткендей, Үкімет инвестиция тартудың нақты жоспарын жасап, іске асыру үшін ұсынылған әрбір жобаны тыңғылықты елеп-екілеуге тиіс.

— Оның басымдықтарын дәл анықтау керек. Бірінші кезекте, бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ете алатын салаларды дамытқан жөн. Мұнай-газ және тау-кен саласындағы машина жасау, азық-түлік өнеркәсібі мен құрылыс материалдарының өндірісі, агроөнеркәсіп кешені осындай сектор бола алады. Осы секторлардың айналасында қосалқы

кәсіпорындар желісі құрылуы мүмкін. Солардың көмегімен шикізатты дайын өнімге дейін жеткізу қажет. Бұл — шағын және орта бизнес үшін де керемет мүмкіндік. Біз тәжірибе мен білім және жаңа технологиялар алу арқылы отандық инновацияны өзіміз құра аламыз, — деді Қазақстан Президенті.

Елімізде шағын және орта бизнестің 800 мың субъектісі қызмет етеді. Экономиканың осы секторында 2,4 миллион қазақстандық жұмыс істейді. Шағын және орта бизнестің өнім шығару көлемі соңғы бес жылда 1,6 есеге — 2008 жылғы 4,9 миллиард теңгеден 2012 жылы 8,3 миллиард теңгеге дейін өсті. Сондықтан бүгін шағын және орта кәсіпкерліктің ролін жаңаша бағалау маңызды.

Мемлекет басшысы сондай-ақ екінші бесжылдық жоспарының міндеттерін «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасымен толық үйлестіруді қамтамасыз етуді тапсырды.

— Шағын және орта бизнес қазір салынып жатқан жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамуы тиіс. Бұл — Үкіметтің, Ұлттық палатаның, кәсіпкерлер мен барлық деңгейдегі өкімдердің міндеті. Бизнеске жүргізілген заңсыз тексерістер үшін шенеуніктерді жазалауды қатайту жөнінде қосымша шаралар қолдану маңызды. Бас прокуратура бұл тұста әлі өз жұмысын толық орындап отырған жоқ. Тек 2013 жылдың 9 айында ғана 140 мың тексеріс жасалған. Оның жартысынан көбісі — жоспардан тыс, ондай тексерістер жүргізуге негіз бар екендігі туралы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жалған хабарламалары үшін өткізілген тексерістер, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы Президент Әкімшілігі жанынан бизнесті одан әрі дамыту үшін барлық қаралған мәселелер бойынша заңнамалық базаға ревизия жүргізу жөнінде арнаулы комиссия құру, салықтық

жеңілдіктер жасау және өкімшілік кедергілерді жою қажеттігі туралы айтты. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті құқық қорғау органдарына, соның ішінде Бас прокуратураға бизнеске тексеріс жүргізуге жалған негіздеме жасау жайттарын сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылыққа теңестіру үшін заңнамаға өзгерістер енгізуді тапсырды.

— Менің тапсырмам бойынша жаңа бастаған бизнесмендерге арналған «Әрбір қазақстандық үшін шағын бизнестің қарапайым 100 түрі» нұсқаулығы дайындалды. Онда қазіргі біздің қоғамда сұранысқа ие бизнес-идеялар бар. Олар мүдделі әрі еңбеккер жандарға жұмыс және өсіп отыратын кіріс береді. Бүгінде Қазақстанда 500 мыңнан астам көпбалалы ана, 600 мыңнан астам мүгедек, 570-ке жуық студент және 1,7 миллиондай зейнеткер бар. Бұл оқу құралы соларға арналған. Жалпы, мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсету — игі іс. Бұл — әрбір министрлік үшін міндет, ірі, орта және шағын компаниялар үшін менің өтінішім болсын, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Айтылған жайттар негізінде Мемлекет басшысы Үкіметке 2014 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін Индустрияландырудың 2015-2019 жылдар кезеңіне арналған екінші бесжылдығы бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. Бұған қоса, сол мерзімге қарай Үкімет экономикадағы дестүрлі салаларды дамытудың бесжылдық жоспарларын да дайындауы тиіс.

Шара аясында Нұрсұлтан Назарбаев «Алтын сапа», «Қазақстанның үздік тауары» және «Парыз» конкурстары жеңімпаздарын құттықтап, бұл марапаттар отандық кәсіпкерлікке оның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен халқымыздың әл-ауқатын арттыруға қосқан қомақты үлесін бағалай отырып, үлгі тұтарлық жетістіктері үшін берілгенін атап өтті.

«Парыз» конкурсының Гран-при жүлдесі «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ директорлар кеңесі төрағасы С.Гелерге, «Алтын сапа» конкурсының арнаулы «2013 жылдың өндірістегі үздік инновациялары» жүлдесі «ENRC» компаниясының акционері А.Машкевичке, «Алтын сапа» конкурсының арнаулы «2013 жылдың үздік индустриялық жобасы» жүлдесі «СарыарқаАвтоПром» ЖШС директорлар кеңесінің мүшесі А.Лаврентьевке табыс етілді.

• ТҰРАҚТЫ КЕҢЕС

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ ҚҰРМЕТТЕУ БАРШАНЫҢ ПАРЫЗЫ

Елтаңба, Ту, Өнұран секілді ұлттық құндылықтарымызды құрметтеу білім беру ұйымдарынан бастау алу керек. Өйткені, ескеңе ұрпақтың патриоттық сезімін оятуда мемлекеттік рәміздердің маңызы зор. Тұрақты кеңестің кезекті отырысында осы және өзге де мәселелер сөз болды.

Тұрақты кеңес басталмас бұрын облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыс аппаратындағы кейбір ауыс-түйістерден хабарлар етті. Облыс әкімінің өкімімен облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы лауазымына Марат Бөйімбетов, облыстық ішкі саясат басқармасы басшылығына Ербол Күмісқожаев тағайындалды. Өңір басшысы жаңадан тағайындалған басқарма басшыларына қызметте табыс тіледі.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселеге байланысты облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ербол Күмісқожаев баяндама жасады. Ол облыстағы бірқатар мемлекеттік мекемелердегі рәміздер туралы заңдылықтардың сақталуы жөнінде айтып өтті. Қараша айында облыс әкімдігі мен облыстық ішкі саясат басқармасының мамандары бірлесіп отырып, мемлекеттік мекемелердің рәміздерді пайдаланудағы заңдылықтардың сақталуына мониторинг жасалғанын тілге тиек етті. Талдау нәтижелері көрсеткендей, білім беру ұйымдарында бұл мәселе қанағаттанарлық деңгейде екені белгілі болды. Үлгілі білім беру мекемелері қатарында Қазалы ауданындағы №249 орта мектеп, Қармақшы ауданындағы №121 орта мектеп және Қызылорда политехникалық колледжі лайық деп танылды. Ал, ең төменгі орында Жанакорған ауданындағы

жаңадан пайдалануға берілген 1200 орындық мектеп болып отыр.

Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету тек мекеме қызметкерлеріне ғана тиесілі емес, ол әрбір адамның борышы болып есептеледі. Сондықтан, рәміздердің заңнама аясында қолданылуы мен күтіп ұстауына барша тұрғын жауапты. Осы ретте егер рәміздерді пайдалануда кейбір заңсыздықтарға жол берілсе, оған ең бірінші сол мекеменің басшысы жауап беретін болады. Аймақ басшысы әсіресе, жеке білім беру ұйымдарында бұл мәселені қатаң бақылауға алу керектігін ескертті. Келешек иелеріне өз елін, жерін сүюге үйретуде мемлекеттік рәміздердің алар орны ерекше екені анық.

Мұнан кейін қаралған мәселе облыс әкімінің Татарстан Республикасына жұмыс сапары барысында берілген тапсырмаларының атқарылу барысы туралы өрбіді. Бұл жайында облыстық сыртқы байланыстар басқармасының басшысы Ерлан Назаров хабарлама жасады.

Үстіміздегі жылдың қараша айында облыстың ресми делегациясы Ресей Федерациясының Татарстан Республикасында жұмыс сапарымен болды. Жұмыс сапарының негізгі мақсаты екі өңір арасындағы достық қатынастарды, ынтымақтастықты нығайту, өңіраралық экономикалық байланыстар орнату

болып табылады.

— Татарстан Республикасы делегациясының облысқа келу сапарын ұйымдастыру барысында келіссөздер жүргізілуде. Бұл алдағы жылдың қыркүйек айына жоспарлануда. Сонымен қатар, өңірде татар халқының ұлттық мерекесі сабантойды өткізу мен ұйымдастырудың іс-шара жоспарын және ұйымдастыру комитетінің құрамын бекіту мақсатында іс-жоспар әзірленуде. Облыста ІТ-паркін құру жөнінде ұсыныстар енгізу мақсатында Татарстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп жұмыстар жүргізілуде. Қазан қаласындағы ІТ-паркін бизнес-инкубаторының және «Start-up» бағдарламасының жұмысы мен іс-тәжірибесін зерттеу мақсатында ұсыныстар жинақталуда, — деді Е.Назаров.

Осы орайда облыс жетекшісі Ресей Федерациясында Татарстан Республикасы ІТ технологиясы бойынша ең маңдайалды аймақ екенін алға тартты. «Олар бұл мәселеде әлдеқашан дамып кеткендігін көрсетуде. Сондықтан біз оларға қарап отырып, акпараттық технологиялар басқармасын ашу туралы шешім қабылдадық. Бұл басқарманың ережесі ерекше болғаны дұрыс. Біз әлі ақпараттық сауаттандыру деңгейінде жүрміз. Ендігіде ІТ технологиясын тезірек игеріп алуымыз керек. ХХІ ғасырда онсыз болмайды. Уақыттың талабына сәйкес өмір сүреміз десек, Татарстандағы жасалып жатқан игі істерге ерекше көңіл бөліп, сол тәжірибені игеруіміз керек», — деді облыс әкімі.

• ҚАБЫЛДАУ



Журналистермен жүздесу барысында алдағы жоспарлармен бөліскен Ә.Тұрсынбаева өзіне спорттың бұл түрі ерекше ұнайтынын жасырған жоқ. Мұз үстінде өуен ырғағымен мың құбыла билейтін жас өрен қазірдің өзінде қаншама табыстаға қол жеткізіп үлгерді. Оның әкесі Байтақ Сыр



Фильм бас кейіпкер Сұлтанның комсомолдық жолдамамен Теміртаудағы Магниткаға келуімен басталады. Ол күрпекпен жер аударып, металлургиялық зауытты салу жұмыстарына атсалысты. Кейіннен Украинаға оқуға жіберіліп, білімін шыңдағаннан кейін Теміртауға қайтып келіп, еңбек жолын қарапайым металлургиямен бастады. Өзен секілді ағып тұрған ыстық отта шойын балқытып, партия жұмыстарына белсене қатысты. Осылайша биік белестерді бағындыра білді.

«Елбасының жүріп өткен жолы кімге де болса қызық. Жастарға берер тәрбиегі мол. Бұл

фильм маған үлкен жауапкершілік артты. Елбасын сомдау арқылы адамгершілік, жан дүниенің тазалығы, рухани байлық, көшбасшылық секілді қасиеттерді өзіме алдым», — деді Президенттің жастық шағын фильмде сомдаған Нұрлан Әлімжанов.

Жалпы, кино әлемінен ойып тұрып орын алатын бұл киноэпопеяның шынында да жастарға берер өнегесі зор. Жаңа туынды қазақ киносының толымды табысы, үлкен де ірі жетістігі деп бағаланады.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ БИГІН БАҒЫНДЫРҒАН

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мәнөрлер сырынаудан әлемдік Гран-при додасының күміс жүлдегері, Қазақстан біріншілігінің 3 дүкін чемпионы Элизабет Тұрсынбаева және оның әкесі Байтақ Тұрсынбаевты қабылдады.

өнірінң тумасы болғанмен, өзі 2000 жылдың 14 ақпанында Ресей астанасы — Мәскеу қаласында дүниеге келген. Осыдан 7-8 жылдай бұрын сол шаһардағы «Москвич» эксперименттік жоғары спорт шеберлігі мектебінде тәлім алды. Сондай-ақ, Элизабет Алматы қаласының дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты мен Мәскеудегі орталық әскери-спорттық клубында жаттыққан. Өткен жылы аталмыш қаладағы №37 балалар мен жасөспірімдер олимпиадалық резервтер мектебінде шеберлігін жетілдірді. Оның спорттағы жетістіктері толағай. Қазіргі таңда ол мәнөрлер сырғанаудан спорт шеберлігіне үміткер болып отыр. Соңғы 3 жылдан бері Қазақстан чемпио-

натының алтынның ешкімге ұстатпай келеді. 2011 жылы Германияның Дортмунд қаласында өткізілген халықаралық турнирде қола медальға қол жеткізген. Одан басқа Қазақстан мен Ресей жарыстарында бірнеше мәрте жүлдегер атанған. Элизабет 2014 жылғы Сочи Олимпиадасына қатыса алмағанымен, ашылу салтанатында өнер көрсетеді. Дегенмен, 2018 жылы аталмыш дүбірлі додда ел намысын абыроймен қорғап, жүлделі орынның бірінен көрінсем деп алдына мақсат қойып отыр.

Спортшының әкесі Байтақ Тұрсынбаев қызының бүгінгі күні өлемге белгілі канадалық балкер Брайан Орсерден тәлім алып жүргенін жеткізді.

Әділжан ҮМБЕТ.

• Елбасының тапсырмасына орай

Бүгінгі таңда бюджет қаржысын игеру мемлекеттің экономикалық саясатының өзекті буыны болып табылады. Осы мәселеге орай 2013 жылдың 23 қазанында Елбасы арнайы мәселе қарап, атқарушы билік органдарына тиісті міндеттер жүктеген болатын. Аталмыш мәжілісте Елбасының берген тапсырмасына орай облыс әкімі тарапынан облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне 2013 жылдың соңына дейін жоспарланған бюджет қаражатын толық атқару, оның ішінде республикалық бюджет қаржысын 100 пайызға игеру жөнінде тапсырма берілген болатын.

ҚАРЖЫНЫ ТОЛЫҚ ИГЕРУ ШАРАЛАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

2013 жылдың 1 желтоқсанына Қызылорда облысы бюджетінің түсімдер болжамы 101,6 пайызға, оның ішінде облыстың өз кірістері 105,8 пайызға орындалды. Республикалық бюджеттен 111,8 млрд. тенге трансферттер алынды. Аталған кезеңде облыс бюджетінің орындалуы 95,2 пайыз құралды. Жалпы шығындар жоспарының атқарылуы Қызылорда қаласы мен аудандар бойынша 94-98 пайыз аралығында болды.

Қаражатты толық көлемде игермеудің бірқатар себептері бар. Құрылымдық өзгерістерге байланысты бірыңғай бюджеттік сыныптамаға өзгерістердің кеш жасалуы және басқармалар мен оған қарасты мекемелердің заңды тұлғаларды қайта тіркеу құжаттарын кеш және толық рәсімделмеуінен қалыптасып отыр.

Қазіргі таңда Елбасының тапсырмасы бойынша басқарманың ішкі бақылау бөлімі көптеген жұмыстар атқарды. Бақылау барысында бірқатар қаржы бұзушылық бойынша тиісті шаралар қабылданды. Қолданылған шаралардың нәтижесінде бюджетке өтеуге тиісті 3,3 млн. тенге түгілімен жергілікті бюджетке кірістелді. Қалпына келтіруге тиісті қаржының 63,2 пайызы қалпына келтірілді.

Бақылау объектілеріне қаржы басқармасы тарапынан жіберілген ұсыныстар бойынша бірқатар қызметкер төртіптік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен бірге Қазақстан Президентінің төрағалығымен өткен 2013 жылдың қантар айындағы кеңес хаттамасының талабына сәйкес Қызылорда облысы әкімінің өкімімен Нұр Отан ХДП және «Атамекен одағы» ұлттық экономикалық палатасы филиалдары өкілдерінен тұратын жылжымайтын мүліктерге тексеру жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі облыстық комиссия құрылды. Мұндай топ аудандарда да құрылды. Тапсырмаға сәйкес өз тегіндерінде ғимараттары бар 353 заңды тұлға тексерумен толық қамтылды. Тексерудің қорытындысымен 10,3 мың шаршы метр артық алаңдар анықталды. Осы ғимараттарға мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар қызметкерлерін онтайлы орналастыру және әлеуметтік нысандарға беру жөнінде шешім қабылданды.

2013 жылдың 1 желтоқсанына облыстың коммуналдық мүліктегі нысандарын сату (жекешелендіру) жөніндегі башық сауда-саттық өткізілді. Сауда-саттыққа 145 нысан шығарылды. Оның тең жартысы сатылды. Жекешелендіруден түскен түсім жоспары 115 пайызға орындалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында кен ауқымды жекешелендірудің екінші толқынын жүргізу тапсырылған болатын. Қазір басқарма тарапынан бұл бағытта да тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Жылдың аяқталуына санаулы күндер қалды. Қазіргі таңда басқарма тарапынан бюджет қаражатының толық және уақытылы игерілуі мақсатында тиісті шаралар жүргізілуде. Бюджет қаражатын толық игеру мақсатында күнделікті мониторинг жүргізіліп отырылады. Аталған шаралар облыс деңгейінде қаржы игеру жөніндегі міндеттемелердің орындалуына ықпал тигізеді деп ойлаймын.

Қайратбек СӨРСЕНБАЕВ,
облыстық қаржы басқармасының басшысы.

ЖЕРАСТЫ СУ ҚОРЛАРЫ

халық игілігіне жаратылады

Пайдалы қазбалардың ішінде ең маңыздысы жерасты сулары, оның ішінде шаруашылық және ауыз су мақсатында суға пайдаланатын жерасты сулары болып табылады. Мамандардың болжамы бойынша таяу болашақта ауыз судың құны мұнайдың құнына жақындауы мүмкін. Бұл суға қатысты мәселенің қаншалықты өткір қойылып отырғанын аңғартады. Ал, Қызылорда облысының жерасты сулары ешқашан геологтардың назарынан тыс қалған емес. Бүгінгі таңда да зерттеу жұмыстары жан-жақты жүргізілуде. Аталған бағытта қолға алынып жатқан жұмыстар барысын баяндап беріп өтінген газет тілшісі облыс бойынша жер қойнауын пайдалану инспекциясының басшысы Шахизат Қалбергеновке жолыққан еді.

— Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылы халыққа арнаған Жолдауында қазақстандықтарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету маңызды міндет ретінде атап көрсетілген болатын, — деді бізбен әңгімесінде инспекция басшысы. — Бұл үшін жерасты суларының әлеуетін кенінен пайдаланып, сумен қамтамасыз етудің жана нысандарын салу кезінде жүйелі қаламдар жасау қажет.

Қызылорда облысы және оған қарасты жерлерде қазіргі таңда 98 кен орны (121 учаске) Қызылорда барлау жұмыстары жүргізіліп, барлығы тәулігіне 1427,9 мың текше метр пайдалану қорлары бекітілді.

Сонымен қатар, 3 минералды су кен орны бойынша 1,78 мың тәулік-текше метр жерасты суларының қорлары барланды.

Инспекцияда тіркелген жер қойнауын пайдаланушылар тізіміне облыс бойынша барлығы 11 су пайдаланушы тіркелген.

Қызылорда инспекциясының жер қойнауын зерттеу және пайдалануды қамту аумағындағы Қызылорда және Қарағанды облыстары бойынша өткен кезеңде 11 су пайдаланушы 9 келісім-шартпен, 12 арнайы су пайдалану рұқсатымен, соның ішінде жерасты суларын өндіруге — 19, емдік балшықтарды өндіруге — 2, барлығы 21 рұқсат құжаттармен жұмыс жасауда.

— Жерасты су қорларын кімдер көп пайдаланады?

— Қызылорда облысының су пайдаланушылары 2012 жылы тәулігіне 113,8 мың текше метр жерасты суларын алған, бұл барлық барланған қорлардың 8 пайызы ғана пайдаланылғанын көрсетеді.

Облыстағы ірі су пайдаланушылар алынатын су көлемінің 80 пайызына дейін өндіреді. Жерасты суларын өндіру 1999-2012 жылдар аралығында 21,527 млн. текше метрге жетіп, бұл негізінен «Қызылорда су жүйесі» МКК мен мұнай компаниялары алатын су көлемдерінің өсуіне байланысты болып отыр. Су пайдаланушылардың жерасты суларын өндіруге кеткен шығындары 2012 жылы 2,563 млн. АҚШ долларын құрады. Шаруашылық ауыз су мақсатына пайдаланатын кен орындарының ішінде Лео-

бережное, Құмкөл және Қызыл-жарма кен орындары басқаларға қарағанда су көп алды. Олардың қатарында Байқоңыр қаласының сумен жабдықтау мекемесі (ГУП ПО «Горводоканал»), мұнай компаниялары және «Қызылорда су жүйесі» МКК бар.

Жерасты суларының өндіру көлемінің ұлғаюы Қызылорда облысындағы мұнай учаскелерін игерумен, қалалар мен елді-мекендерді сумен қамтамасыз етуге байланысты сураныстың өсуіне байланысты болып отыр.

Қызылорда су жүйесі Қызылорда қаласы және облыс жерінде орналасқан Қызылжарма кен орны аумағында жерасты суларына барлау және өндіру жұмыстарын орындайды.

2009 жылы Қызылорда қаласы мен оған іргелес жатқан кентерді шаруашылық мақсаттағы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Қызылжарма кен орнына барлау жұмыстарын жүргізу жобасы жасалды. «Қызылорда су жүйесі» МКК 2010 жылы геологиялық барлау жұмыстарын аяқтап, жерасты суларының қоры жайында есеп жасап, Қазақстан Республикасының Қорлар жөніндегі комиссиясында көлемі тәулігіне 83,32 мың текше метрге тең жерасты су қорларын бекітті. Бұл Қызылжарма кен орнының жерасты суларымен Қызылорда қаласы мен оның маңындағы елді-мекендерді сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

— Мемлекеттік «Ақбулақ» бағдарламасын жүзеге асыру барысына тоқталсаңыз...

— Қызылорда өңірінде халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету күнделікті күннің негізгі мәселесі болып табылады және жерасты суларын пайдалану мен іске жаратуға қажеттіліктерді арттыра түседі. Ауыз судың қала мен елді мекендерде жетімсіздігіне байланысты елді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі 2011-2020 жылдарға арналған «Ақбулақ» салалық бағдарламасын бекітті.

Қызылорда облысының кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі облыс халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету болып табылады.

Қазіргі таңда бұрынғы барланған

жерасты су кен орындары қорларының пайдалану мерзімі (уақыты) өтуі себебінен жерасты су кен орындарының пайдалану қорларын қайта мемлекеттік сараптамадан өткізу қажеттігі туындап отыр.

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заң талаптарына байланысты төмендегі жерасты су кен орындарының пайдалану қорларын қайта есептеу қажет. Олар «Байқожа», «Сарыбулақ» (Қазалы ауданы), «Шиелі» (Шиелі ауданы), «Сунаката» (Жанакорған ауданы) су қорлары.

Жоғарыда аталған жайларға сәйкес шаруашылық, ауыз су және өндірістік — техникалық мақсатқа арналған жерасты суларын пайдалану, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган берген арнайы су пайдалану рұқсатының негізінде жүзеге асырылады.

Қызылорда облысының көлемінде 2012 жылдан басталып және 2013 жылы бюджеттік бағдарламалар бойынша төмендегі елді-мекендер бойынша іздестіру-барлау жұмыстары жүргізілуде:

— Қызылорда облысының 12 елді мекенін жерасты су қорларымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша; оның ішінде Арал ауданында — Абай, Ақбасты; Жанакорғанда — Түгіскен, Бірлік, Бесарық, Қаратөбе, Ақсуат, Манап; Кармақшыда — Ақтөбе, Көкембас; Қазалыда — Ақсуат.

— Қызылорда облысының 12 елді мекенін жерасты су қорларымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша; оның ішінде Жалағаш ауданында — Ақсу, Жалағаш, Мақпалкөл, Қаракеткен, Мырзабай, Тан, Шәменов; Сырдарияда — Теренөзек, А. Тоқмағамбетов, Бесарық, Мәлібаев.

— Қызылорда облысындағы «Рисоводческое» жерасты кен орнының су қорын қайта бағалау үшін жіте барлау жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша.

Қызылорда облысының көлемінде 2013 жылдан бюджеттік бағдарламалар бойынша төмендегі елді-мекендер бойынша іздестіру-барлау жұмыстары жүргізілуде:

— Қызылорда облысының 8 елді мекенін жерасты су қорларымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша; оның ішінде Сырдария ауданында — Қоғалыкөл, Шіркейлі, Н.Ильсов, Айдарлы, Сейфуллин, Қалжанәхун, Ақжарма, Іпкөрдәрия.

— Қызылорда облысының 10 елді мекенін жерасты су қорларымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша; оның ішінде Жалағаш ауданында — Аққум, Енбек, Жана-талап, Мырзабай ахун; Шиеліді —

М.Шокай, Алғабас, №21 Бекет (Тартоғай), Бұланбай бауы; Қызылорда қаласы маңында — Махамбетов, Абай.

— Қызылорда облысындағы «Кармакшы» жер асты кен орнының су қорын қайта бағалау үшін жіте барлау жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша.

Сонымен қатар келесі нысандар бойынша жобалық-сметалық құжаттамалар жасалуда :

— Қызылорда облысының 5 елді-

жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша; оның ішінде Арал ауданында — Құланды, Тоқабай, Жініш-көкұм, Сазды, Атаныш, Мойнак, Ерімбетжаға, Күршек, Көктем.

— Қызылорда облысының 7 елді-мекенін жер асты су қорларымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша; оның ішінде Қызылорда қаласы маңында — Қалғандария, Бірқазан, Досан; Кармакшы ауданында — Жосалы, Ііркөл;



мекенін жер асты су қорларымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша; оның ішінде Арал ауданында — Жанаконис; Қазалыда — Шөкен; Жалағашта — Аққыр, Жаңадария; Сырдарияда — Жетікөл.

— Қызылорда облысының 8 елді мекенін жерасты су қорларымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша; оның ішінде Шиелі ауданында — Ботабай, Майлытоғай, І-мамыр; Қызылорда қаласы маңында — Қарауылтөбе, Талсуат, Қараөзек, Талдыарал, Айнакөл.

Бұл іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу 2014-2015 жылдарға жоспарланған.

Сонымен бірге, 2013 жылы келесі нысандар бойынша жобалық-сметалық құжаттамалар дайындалуда : — Қызылорда облысының 9 елді-мекенін жер асты су қорларымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау

Жанакорғанда - Жанакорған, Құттықожа (Шалқия).

— Қызылорда облысындағы «Теренөзек», «Айнакөл», «Қызылорда» жер асты кен орындарының су қорларын қайта бағалау үшін жіте барлау жұмыстарын жүргізу нысандары бойынша атқарылады.

Индустрия және Жана технологиялар Министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану Комитеті жыл сайынғы іздестіру-барлау жұмыстарының және жер асты кен орындарының су қорларын қайта бағалау үшін жүргізілетін жұмыстардың жобалық-сметалық құжаттамаларын жасау үшін нысанаралық жоспарын жасайды.

Сонымен облыс өңірінде жерасты су қорларын халық игілігіне пайдалану бағытында кең көлемді жұмыс басталды. Таяу жылдары аймақ халқы оның игілігін көретін болады.

Өңгімесекен
Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.

Қазағымның ата кәсібі мал шаруашылығы болатын. Үйір-үйір жылқы, қора-қора қой мен ешкі, яғни, төрт түлік мал өсірген аталарымыздың ақ дастарқанынан сары май мен ақ айран арылмайтын.

• МӨЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Тәуелсіздігін алған еліміз еңсесін тіктеп, құрымға кетіп бара жатқан ата-көсіміздің тамырына қайта қан жүгірді. Бүгінде Елбасымыздың тапсырмасына орай мал шаруашылығын өркендетіп, өнімдерін молайту бағытындағы шаралар шаш-төктен.

ТҮЛІК КҮТІМІ ТҮЛЕТУДІҢ ЖОЛЫ

Жасыратыны жоқ, Кеңес Үкіметі кезінде мал басын көбейтуге, олардан алынатын өнім көлемін молайтуға мүмкіндігінше жағдай жасалатын. Ол үшін төрт түлік мал басын аман сақтау аса қажет болатын. Содан да кезінде аудан орталықтарында ветеринарлық станса мекемесі болғанын аймақтың байырғы тұрғындары білетін болар. Бұл мекеме арқылы шаруашылықтардағы мемлекет есебіндегі және жеке меншіктегі төрт түлік жануарларға

ветеринарлық қызмет көрсетілетін. Яғни, түрлі жұқпалы індеттерге (бруцеллез, туберкулез, тағы басқа қарсы алдын ала ету жұмыстары, мертіксе ота жасау, төлдегенде көмек қызметтері жасалатын. Бұл шаралар мемлекет қаржысы есебінен жүргізілетін. Сондай-ақ, екі-үш ауылдарды қамтитын ветеринарлық учаскелер де жұмыс жасап, тұрғындардың жеке-меншігіндегі малдарға ветеринарлық шаралар жүргізуге жауапты еді.

Жоғарыда айтқандай, еліміз тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары барлық салада ауыртпалық болғаны ақиқат. Біз әңгімелеп отырған ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметі

жеке және заңды тұлғаларға берілді. Барлық салалармен қатар ветеринария саласына бөлінетін қаржы көлемі де күрт төмендеді. Осыдан да ветеринарлық шаралар өз деңгейінде жүргізілмей, елімізде эпизоотиялық аурудың күрделенуіне жол берілді. Бертін келе мал шаруашылығы саласына батыл бетбұрыс жасалып, бүгінде ата-көсіміз жыл өткен сайын жақсарып келеді.

— Елбасымыздың тапсырмасымен, — дейді бізбен әңгімесінде Сырдария аудандық ветеринарлық станса мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын директоры М.Сүлейменов, — Үкімет өткен жылдан бастап республика бойынша әрбір аудан орталығынан ветеринарлық стансалар ашып, малдарды алдын ала ету мен диагностикалық тексерулер жүргізуді осы мемлекеттік кәсіпорын қолға алды. Осыған орай біздің ауданда да өткен жылдың қантар айынан бастап облыста бірінші болып ветеринарлық станса жұмыс істей бастады. Кәсіпорынның материалдық-техникалық базасы мен қажетті құрал-жабдықтарды алу үшін аудан бюджетінен 21 млн. тенге қаржы қаралып, станса ғимараты салынып, дезинфекциялық қондырғы орнатылды. Сондай-ақ, ветеринарлық жәрдем автокөлігі мен басқа да қажетті құрал-жабдықтар алынды.

Айтса айтқандай, бүгінде аудан орталығында ғана емес, 14 ауылдық округте ветеринарлық пункттер ашылып, мал басын сақтау мен емдеу бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде екен. Ауылдық округтердегі ветеринарлық пункттерге үстеміздегі жылы республикалық бюджет есебінен автокөліктер мен құрал-жабдықтар алынып берілген. Осы жерде Үкімет тарапынан осы саланы дамыту үшін қыруар қаржы бөлінетінін айта кетуіміз керек. Демек, барлық жағдай жасалды, енді төрт түлік мал басын көбейту, оның өнімділігін молайту міндеті тұр.

Сырдария аудандық ветеринарлық стансада 58 адам жұмыс жасауда. Бүгінде бұл сала мамандарының аздығынан ветеринарлық шараларды уақытылы әрі сапалы жүргізуге аздап та болса, қолбайлау бар сынайды.

Биылғы жылы салаға қатысты мекеме басшылары мен мамандардың қатысуымен осы ауданда облыстық семинар-кеңес өткізілгенін айта кеткен жөн. Семинарға қатысушылар аудандық ветеринарлық стансаның жұмысымен егжей-тегжейлі танысып, аудан әкімдігі тарапынан саланы жола қоюға барлық жағдай жасалып жатқандығын көрді.

— Менің, — дейді әңгіме үстінде кәсіпорын

директоры М.Сүлейменов, — салаға қатысты айтар толғақты екі сауалым бар. Біріншіден, жастарға айтарым — ветеринария саласы бойынша мамандар жетіспеуде. Бұл мамандар «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасына енгізілген. Демек, ата-көсімізді өркендетуге, яғни, төрт түлік мал басын көбейтіп, оның өнімділігін молайтуға үлес қосуға мүмкіндік мол. Екіншіден, мал шаруашылығы мамандарының жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен хабарламаларға қарағанда түрлі жұқпалы дерттерге қарсы вакцина егу, қан алу, бірйелендіру, паспорттау, танба басу жұмыстарына нем-құрайлы қарап жүргендері де жасырын емес. Демек, мал басын көбейтуге, олардан алынатын өнімдерді сауда орындарына өткізуге және мал ұрлығының алдын алу бағытында жұмыс жүргізуге мейлінше назар аударуымыз қажет.

М.Сүлейменовтің қойып отырған толғақты сауалдары өте орынды. Жасыратыны жоқ, бүгінде үкімет тарапынан ата-көсімізді дамыту барынша жағдай жасалғанымен, шешімін табар түйткілді мәселелер де жоқ емес. Шет елдерден асыл тұқымды мал өкелу үрдіске айналып барды. Олардың жерсінбеуі салдарынан қыруар қаржының құрымға кетпеуіне кім кепілдік береді? Неге атамыз қазақтың асыл тұқымды ақ бас сиырын көбейтпесек?

Сондай-ақ, мал басын көбейтуге, яғни, олардың қыс қыстаулары мен жаз жайлауларын жасақтауға баса мән берген дұрыс.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, ҚР «Ветеринария туралы» Заң қабылдап, оның 25-бабында мал ұстайтын жеке және заңды тұлғаларға мемлекет тарапынан жәрдем көрсету міндеттелген. Демек, үкімет тарапынан қолдау бар. Енді оны тиімді пайдалана білу әрбір шаруаның төл парызы.

Еркін ӘБЛІ,
Сырдария ауданы.

1-бет

Шымбай көшелерінде ауыз су құбырында апатты жағдай орын алған.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Кешегі кеңес дәуірінде облыстың ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткен азаматтарға Батырбек Ысқақовтың есімі жақсы таныс. Ол сол кезде ең жас директордың бірі болды. Қырықтың қыркасына шыққанға дейін қос шаруашылықты басқарған іскер басшымен қызметтес болған, аралас-құралас

ТАЗАЛЫҚТЫ СҮЙЕТІН БАТЫРБЕК

жүрген азаматтар оның еңбекқорлығын, ұйымдастырушылық қабілетін, арынын тазалығын, ел мүддесін жоғары қоятын тамаша қасиетін жақсы біледі. Өзге «қызыл директорлар» секілді артық дүниеге қызықпаған, өзі өмірінде артықша тұрмыстық жағдай жасамаған Батекен бар білімін, күш-жігерін, ұйымдастырушылық қабілетін қоғамның дамуына арнады. Сондықтан ел алдында абыройы асқақ азаматтың кісілігіне тұлғасы, көркіне көңілі, парасатына ақылы сай десем, қателеспеймін.

Батырбек Ысқақов 1950 жылы Жанакорған ауданының қазіргі Қожакеңт ауылында мұғалімнің отбасында дүниеге келген. Алматы қаласындағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітірген соң еңбек жолын «Талап» кеңшарындағы №2 фермада зоотехник болудан бастаған. Мұнан кейін «Түркістан» кеңшарында бас зоотехник, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында аға зоотехник қызметтерін атқарды.

1981 жылы халық депутаттары аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары-аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы қызметін атқарып жүрген оны аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ахметжан Жанпейісов өзіне шақырды.

— Батырбек, — деді аупартком хатшысы. — Біраз жыл өзінмен қызметтес болып келемін. Байқапмын, біршама тәжірибе жинақтап, ысылып қалған сияқтысың. Маған іскерлігің, ұйымдастырушылық қабілетің ұнайды. Өзін орда бұзар отызда екенсің. Нағыз жұмыс істейтін кезің бұл.

«Аудан басшысы нені мензеп отыр», — деп Батекен іштей ойлады.

— Біз «Келінтөбе» кеңшарының директорын босатуға ұйғарым жасап отырмыз, — деген

Ахметжан Жанпейісов әңгімесін сабақтай түсіп. — Өзің білсең шаруашылық аудандағы күршіс өсірумен айналысатын іргелі құрылым. Алайда, соңғы жылдары кеңшардың жағдайы төмендеп, ауданды артқа тартып отыр. Бүрө мүшелерімен директорын босату жөнінде ақылдас-тым. Орнына сені ұйғардым.



Бұған бюро мүшелері де келісім берді. Сенін не айтатынында да түсініп отырмын. Алайда, көпшіліктің сенің қолыңнан келетіндігіне сенім білдірді. «Көз қорқақ, қол батыр» деген емес пе?!

Аудан басшысына «Сенімдеріңізді ақтауға тырысамын», — деп уәде берген жас директор аяғына керзі етікті киіп алып, жұмысқа жөн сыбанып кірісіп кетті. Шынында да жеткілікті басшылық болмаған соң жұмыс босансып кеткен екен. Алдымен темірдей тәртіп орнады. Қолынан іс келетін кадрлар іріктелді. Жаңа директордың «қара қылды қақ жаратын» әділдігінен қаймыққан табанының бүрі жоқтар бойларын аулақ сала бастады. «Алма піс, аузыма түс» дейтін жалқаулар етек-жеңдерін жинады. Көпшіліктің оның өз ісіне адал, қолының таза, кемшілікке төзбейтін, жетістікті жіті бақылайтын басшы екенін аңғарды. Уақытпен санаспай жұмысты жүйелі жүргізген Батырбектің еңбексүйгіштігіне, тұрашылдығына, шыншылдығына, арының тазалығына көзі жеткен ауыл тұрғындары оның айтқанын екі етпейтіндей жағдайға жетті. Осындай ұйымдастыру-

шылықтың нәтижесінде сол жылдың өзінде шаруашылық мемлекетке астық тапсыру жоспарын абыроймен орындалды. Көптен бері астық бере алмай келген шаруашылықтың мұндай табысқа қол жеткізуі елдің еңсесін көтеріп, халықтың жұмысқа деген ынтасын арттырды. Мұнда егінмен қатар мал шаруашылығы да дамыды. Сонына халықты ерте білген жас директор экономикасы туралап қалған шаруашылықты 5 жылдың ішінде аяғынан тік тұрғызып, аймақтағы алдыңғы қатарлы шаруашылық қатарына қосты. Өрине, бұл айтуға ғана оңай.

Батырбектің жас та болса, іскерлігіне тәнті болған аудан басшылары оны «Төменарық» кеңшарының директорына ауыстырды. Бұл кеңшарды да ол 1992 жылға дейін 6 жыл басқарып, алдыңғы қатарға шығарды.

Бұдан соң аудан әкімінің орынбасары-аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, аудандық көпсалалы коммуналдық шаруашылығы кәсіпорнының директоры, аудан әкімі аппаратының бас маманы, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмысы бөлімінің меңгерушісі қызметтерінде болса, қазір аудан әкімі аппаратында төтенше жағдайлар жөніндегі бас инспектор қызметін абыройлы атқарып келеді.

Бүгінгі кейіпкеріміздің күнделікті қосқан қосағы Қанығұл Бижанова: «Отасқанымызға қырық жылдай уақыт болды. Отағасының басты ұстанымы — еңбексүйгіштігі, шыншылдығы, арының тазалығы болды. Ол қанша лауазымды қызметтер атқарса да, артық дүние жинаған жоқ. Балаларын да осылай үйретті. Олай дейтінім, біз қарапайым тұрдық. Өзгелер сияқты қолың кірлеткен жоқ. Тазалықты сүйді. Солан да болар оның артынан сөз ерген жоқ» дейді.

Бақытты жандар өнегелі ұрпақ өсірді. Алматы қаласында тұратын ұлдары Қалырбек пен Рахым, бірі — «Атамекен» фирмасында, екіншісі — жеке кәсіпкер. Мейрамбек облыстық жол полициясында жұмыс істесе, Анарбек Жанакорған аудандық ішкі істер бөлімінде уәскелік инспектор. Қызы Мөлдір Қызылорда қаласында тұрады. Батекен ұрпақтарының барлығы жоғары білім алған. Олардан немере сүйіп отыр. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген осы.

Пахманды АЙНАҚОЖАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Жанакорған ауданы.



Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

ЕҢБЕКПЕН ЕЛ КӨГЕРЕР

Ата-бабаларымыз ықылым заманнан ұрпағын еңбекке баулыған. «Еңбек етсең, емерсін» деген дана сөздерді соңына қалдырған. Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында еліміздің гүлденуі жолында әрбір кірпішін өз қолдарымен қалап жатқан еңбек адамдарына деген құрметті күйейтүді ерекше талап етті. Өйткені, еңбексіз жеке адамның да, елдің де көгеруі қиын.

Жақында Асқар Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық ішкі саясат басқармасының әлеуметтік жобасының аясында облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрайымы Р.Ахметова ашып, жүргізіп отырды.

Форумда ұрпақ өсірумен қатар, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлестерін қосып келе жатқан еңбекші әйелдер қауымының өкілдері — ұлағатты ұстаз, бастауыш сынып мұғалімі Ж.Төшенова, күрішіш М.Дүйсенова, қалалық перзентхананың аға акушері М.Оразбекова, теміржолшы А.Ахме-

әйелдердің форумы өтті.

Форумға Сыр елінің еңбеккер әйелдері, өнегелі отбасылары, колледж, жоғары оқу орындарының студенттері мен жастар бірлестіктерінің өкілдері, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары қатысты.

Форум жұмысын облыс әкімінің кеңесшісі, облыс әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрайымы Р.Ахметова ашып, жүргізіп отырды.

Форумда ұрпақ өсірумен қатар, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлестерін қосып келе жатқан еңбекші әйелдер қауымының өкілдері — ұлағатты ұстаз, бастауыш сынып мұғалімі Ж.Төшенова, күрішіш М.Дүйсенова, қалалық перзентхананың аға акушері М.Оразбекова, теміржолшы А.Ахме-

това, дәнекерлеуші А.Абдурахманова, кәсіпкер Т.Пірішева, почтальон Қ.Дәндібаева өздерінің еңбек жолдары туралы әңгімелер айтып, жастардың тарапынан қойылған сұрақтарға тұшымды жауаптар берді.

Форумның соңында әр саланың озат еңбекші әйелдеріне «Кәсіп үздігі» номинациясы мен ескерткіш сыйлықтарды «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігінің төрайымы М.Ансаева табыстады. Шараға қатысушылар концерттік бағдарламаларына тамашалады.

Форумның басты қорытындысы еңбек адамына құрмет көрсету, жасампаз еңбек арқылы еліміздің дамуына лайықты үлес қосуға үндеу болды.

Бекзат ОМАР,
Қорқыт ата атындағы КМУ студенті.

АҚ КЕМЕ АЯЛДАҒАН ҚАЛА

бекетінің мүшесі. Президенттің, облыс, аудан әкімінің алғыс хаты, ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасы, «Еңбек даныс» белгісі, «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» мерекелік медалмен марапатталған азамат. Мамандығы — құрылысшы.

Дәукен түрлі қызмет сатыларынан өткен, бар саладан жақсы хабардар тәжірибелі басшы. Мұның міндетті шаруаны дөңгелегіп өкетеуіне септігін тигізгісі жоқ. Әкімдердің бос уақыты көп болмай-тынын байқап жүрміз. Сондықтан мен еншіме тиген минуттарды ұтырлы пайдалануға, аузынан шыққан әрбір сөзді қойын дәптерме түсіріп үлгеруге тырыстым.

Өзінің әңгімесін Елбасымыздың жолдауындағы тапсырмаларды, облыс, аудан бағдарламаларын, жоспарларды заңда көрсетілген күзертке сәйкес үйлестіріп, шаралар қабылдау қала әкімі аппаратының негізгі жұмысы деп бастаған Дәуренбек Жолдасұлы бірсыпыра іске тоқталды. Байқауымша көше комитеттерінің төрағалары, кәсіпкерлер, қоғамдық ұйымдар, мекеме басшылары арқылы тұрғындармен тығыз байланыс жасау жолға қойылған.

«Жанарған, жасарған Арал». Теніз төскейіндегі ежелгі қаланың бүгінгі кейпі осындай бағаға лайықты. Бұл үшін перзенттік борышқа адалдықпен, жанашыр көзқарас қажеттілігі белгілі. Аралдықтардың бойынан мұндай қасиеттің баршасы табылатын тәртізді. Оған ер мінезді, білікті маман қала әкімі келтірген деректер куә.

Биылғы жылы Арал қаласын абаттандыруға облыстық қазынадан 88 млн. теңгеден астам қаржы бөлінді. Бүгінгі таңда сол қаржыны мақсатты, тиімді жұмсауға күш салынуда. Түнгі жарық шамдарына пайдаланған электр қуатына, санитарлық тазалыққа, абаттандыруға мейжеленген қаражат Арал қалалық шаруашылық жүргізу құқығындағы көп салалы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен игеріледі. Бұл «есепті дұрыстың ұйқысы қанық» дегенді бағамдатады. Арнайы жасалған коккыс жәшіктері (контейнер) орталық негізгі көшелерге қойылыпты.

Елең еткізер жаналық, облыстық бюджеттен қаралған ақшаға

бірқатар сор көлді аймақтар көмілген. Игі қадам мұнымен шектелмейді. Комхоздың жарғылық қорын ұлғайтуға, техникалық базасын нығайтуға барынша көңіл бөлінген. Облыстық бюджеттен бөлінген 60 млн. теңгеге түрлі қуатты техникалар сатып алыныпты. Қуаныштысы, бұл алдағы уақытта да жалғасын табады.

Егер қалаға ымырт үйірле соқпаса, керемет көрініске тап келесіз. Көшелердің самаладай жарығынан жоғалған иненің табылатындай әсерге бөленесіз. Бұған да облыстық қазынадан қаражат қаралыпты. Сонымен қатар вокзал аланы, Бекмырза хан, Ж.Нұрпейісов, Әбілхайыр хан, Бактыбай батыр көшелері мен орталық алаң асфальтталды.

Төні саудың — жаны сау. Елбасымыздың жолдауында қозғалған бұқаралық спортты дамыту бағытында мектеп аулаларынан шалғын спорт алаңдары, «Коллективті баспана-2020» бағдарламасымен 15 тұрғын үй, қонақ үй кешені салынды. Сұхбаттан соң аудан әкімінің орынбасары Әділхан Алдановпен бірге жоғарыдағы құрылыс нысандарын аралаған еді. Түзу көшеде, оқтай тізілген есем ғимараттарға тандай қақтық. Шатыры, есік-терезесі тіпті қоршауына дейін жарқырап күн нұрына шағылған жай маған ұқыптылықтың шынындай сезілді. Енселіс қонақ үй көркі қиырдаң өзіне арбайды. Мінсіз қалпында қала ақарын аша түсуде. «Шіркін-ай, ертегідей үйлерді мекендегендеріңнен бақытты!» деген пікір өзінен-өзі көкейде қылаң ұрды.

Қала тазалығын сақтаудың барысын аудан әкімі тікелей қалағалайды. Санитарлық қалағалау бөлімі, уәскелік полиция инспекторы, қала әкімдігі қызметкерлерінен жасалған желел топтың штаб отырысына Мархабат Жайымбетовтың өзі қатысады.

Арал қаласының қиындығы түгел шешілді деу асығыстық болар. Бірақ сөт санап өркеніет көшіне ілесіп келе жатқаны даусыз. Қала қақпасында келушілерді ақ кеме күтіп алса, бұл оның бай тарихын сөйлетіп тұрған секілді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Арал қаласы.

Жемқорлықпен қоғам болып күресейік

Облыс бойынша салық департаментінде «Жемқорлықпен қоғам болып күресейік» тақырыбында семинар-кеңес өткізілді. Семинар жұмысына құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдар басшылары және бұқаралық ақпарат өкілдері қатысты.

Семинар жұмысын ашқан салық департаменті басшысының орынбасары Нұрғали Қордабай мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы

күресті күшейтудің аса маңыздылығы жөнінде айтып өтті. Негізгі салық органдарының қызметкерлерінің жұмысы халықпен тығыз байланысты. Осы орайда жемқорлықтың алдын алу үшін салықтық қызмет көрсету сапасын жақсарту мен салық есептіліктерін электронды түрге келтірудің маңызы зор.

Негізгі салық есептіліктері мен декларацияларын тапсыру электронды жүйе арқылы жүзеге асырылады. Бұл жүйе салық қызметінде заң бұзушылықтың алдын алады. Бүгінгі күні көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізіміне салықтық қызметтердің 33 түрі енгізілген. Соның ішінде 23 немесе 70 пайызы электронды

түрде жүзеге асырылады. Жалпы алдағы 2014-2015 жылдары салық органдарының ақпараттарды қабылдау және өңдеу орталықтарында электронды кезектілікті қабылдау жүйесінің енгізілуі де жоспарланып отыр.

Семинарда оған қатысқан облыс бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі департаменттің өкілдері Ғамзат Дарбаев, Бауыржан Жамантаев және басқалары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жайлы өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

ЖАРНАМА • ХАБАРЛАНДЫРУ • 23-80-38

2014 жылғы 1 тоқсанға арналған Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысы міндетін атқарушының және Департамент басшысы орынбасарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ					
Мемлекеттік органның атауы	А.Т.Ә.	Атқаратын қызметі	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының Әділет департаменті	Лесерос Тастыбай Аманжолұлы	Департамент басшысының міндетін атқарушы	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін;	Әйтеке би к-сі, 29 а, каб.18;	Тел: /8 724 2/ 26-16-27
			2014 жылдың наурыз айы Байқоныр қаласы сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін;	Байқоныр қаласы, Төретам кенті, Абай даңғылы №2 а	Байқоныр қаласы /8 336 22/ 5-53-03;
	Бәкішева Ирина Жұмабайқызы	Департамент басшысының орынбасары	Сейсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Әйтеке би к-сі, 29 а, каб.13	Тел: /8 724 2/ 26-20-84

Ескертпе: Алыс қалалардан, аудандардан келген азаматтар күнделікті сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады.

Хабарлама

ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007 жылғы №204-е бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша Нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «СНПС-АйДанМунай» АҚ Арқас кен орнында бағалау жұмыстарын жүргізу үшін «Қоршаған ортаға баға беру» жобасына қоғамдық пікірді тіркеу мақсатында ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды. Ұсыныстар мен ескертулер Сырдария ауданы, Қонаев көшесі №8 және eco_engineering@mail.ru электронды почтасы арқылы қабылданады. Байланыс телефоны: 8 7242 21 28 53.

ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007 жылғы №204-е бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша Нұсқаулықтың» «СНПС-АйДанМунай» АҚ-ның шартты аумақтарындағы Қарақол кен орнында барлау, бағалау және өндіру ұңғымға құрылысы үшін «Қоршаған ортаға баға беру» жобасына қоғамдық пікірді тіркеу мақсатында ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды. Ұсыныстар мен ескертулер Сырдария ауданы, Қонаев көшесі №8 және eco_engineering@mail.ru электронды почтасы арқылы қабылданады. Байланыс телефоны: 8 7242 21 28 53.

Хабарлама

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк» Қызылорда филиалы «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2014 жылға арналған іс-шаралар жоспарының» жобалары бойынша қоғамдық тыңдау рәсімін өткізеді.

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 57-бабына сәйкес барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерді 2012 жылғы 12 қазан күні сағат 10.00-де Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, 13 мекен-жайында орналасқан «Петро-Қазақстан Венчерс Инк» ҚФ бас офисіндегі 408-кабинетте өтетін қоғамдық тыңдауға шақырамыз.

Байланыс телефондары: 8 (7242) 29-93-90 және 29-95-72. факс: 8 (7242) 27-72-71.

ОҢАЛТУ РӘСІМІ ЕНГІЗІЛДІ

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы ұйғарымымен «Дойт газ пож Сервис» ЖШС-не оңалту рәсімі туралы іс қозғалды. Талап-тілектер Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үйде қабылданады.

Банкроттық туралы іс қозғалды

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы ұйғарымымен «Қызылорда - Даму» ЖШС-не банкроттық туралы іс қозғалды. Талап-тілектер Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үйде қабылданады.

Жарамсыз деп есептелсін

Елеусизов Бактлеу Кеуілмұжаевтің атына №16 СПТУ-ды «Жанарларды ветеринарлық өдіспен оқыту» мамандығы бойынша 1991 жылы бітірген жөнінде берілген №174457 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Облыстық кеңес беру диагностикалық орталығының ұжымы осы мекеменің дәрігері Турмағанбетов Әмірхан Нұрғалиұлына анасы

Үмітайдың қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. ***

«Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық, қалалық, аудандық филиалдарының ұжымы «Нұр Отан» партиясы Жаңақорған аудандық филиалының бірінші орынбасары Мәжит Балғожаевқа анасы

Дариханың қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. ***

«Теміржолсы-Қызылорда» ЖШС-нің ұжымы Қазалы теміржолсы жүксінің бұрынғы аға шебері, еңбек ардагері, Құрметті теміржолшы

Рат Жолмырзаевтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Еске алу



Кармакшы ауданы, Дүр Онғар ауылының тұрғындары болған бірімізге ардақты ана, сүйікті әже, аяулы бауырымыз Үміткүл Қирашқызы алпыс бес жасқа қарсаң шағында өмірден озды. Өнеміне дегенше қайтқанына жыл болса, ал асыл өкеміз, қимас жеземіз Қоштай Бәйменұлының бақилық болғанына жүз күн болды. Екеуі де ауылдың, ағайын-туыстың, бауырларының ортасында сыйлы болды. Дүниеге он бала келтіріп, оқытып, ұлын уяға, қызын қияға қондырып, немере сүйді. Өкенің ең жақсысы жездей-ақ дегендей, біздердің қатарға қосылып, өз орнымызды табуымызға апамыз екеуінің көмегі көп болды. Балаларының рахатына енді ғана бөлене бастағанда сұм ажал арамыздан алып тынды.

Сендірілді бұл фөнидің жалғанын. Мойынсуңдық жазуына Алланың. Тілекші боп, жай бұйырып жаннаттан, Аман ет енді артында қалғанын. Жар болсын бөрімізге тәңіріміз, Сіздер салған аластырмас тағлым-із. Ас беріп, дұға қылдық, қабыл қылсын, Нұрлансын аяғаттармен қабірлеріңіз. Жазмыштан озымш жоқ деген, ендігі жерде біздің қолымыздан келері өздеріңізге арнап Құран бағыштау. Жатқан жерлеріңіз жайлы, имандарыңыз жолдас болсын.

Анамыз Үміткүл Қирашқызының жылдық асы 2013 жылдың 29 желтоқсаны күні өз үйінде болатынын барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдастарға хабарлаймыз.

Еске алушылар: **Бәйменовтер және Қирашовтар әулеті.**

Атадан аманатқа айналған өнер қайсыбір жылдары ұмыт қала бастады. Өкінішке қарай, осындай кенжелеп қалған аймақтар қатарында Сыр өңірі де бар. Қазақылық қаймағы бұзылмаған өлке болғанмен, қазіргі күні Қызылорда облысында құс салудың қыр-сырын білетін адамдар саны санаулы-ақ.

ҚАҢСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҚПАЙ МА АҢҒА...

Республикалық «Жеті қазына» құсбегілер клубының мүшесі Балтабай Ибраев «Кезінде Сыр бойында да құсбегілікпен атағы алысқа кеткен кісілер бар еді. Менің кіндік қаным осы өңірде тамып, киелі жерде ержеттім. Қазір Алматы қаласында тұрамын. Бала кезімнен ұлттық өнерді ұлық еткен сол бір азаматтардың атына қанық болып өстік. Мәселен, Қазалы ауданында Бегалы, Балғынбай, Сейтім сынды саятшылықты жанына серік еткен кісілер болды. Бегалы атамыз жасы 100-ден асып, жақында ғана өмірден өтті. Болкім, саятшылық адамдардың ұзақ жасауына да әсер ететін шығар. Жаншама ғасырдан бері бізбен бірге жасап келе жатқан ұлттық өнердің Сыр бойында ұмытыла бастағаны көңілге кірбір салады. Сондықтан біз осыдан бірекі жыл бұрын арнайы сайысты Қызылорда қаласында өткіздік. Тартысты бөсекені тамашалауға келген жергілікті жұрт алдағы уақытта саятшылық өнерге бет бұрады деген ойламыз» дейді.

Токсаныншы жылдардың орта шенінде Қазақстанда саятшылыққа қайта бет бұра бастады. Осы мақсатта арнайы федерация құрылған. Соның нәтижесінде елдің арасында құсбегілік өнер қанатын кенге жайып келеді. Алматы облысында «Жалайыр Шора» құсбегілік мектебі тұсауын кесті. Дегенмен, бүгінгі күні қазақем саятшылыққа өз



денгейінде мән бере қойды деуге болмайды. Осындай түрлі сайыстар арқылы құсбегілікті кеңінен насихаттауға мүмкіндік бар.

Елімізде құсбегілік өнерді дәріптеп, оның жүйелі жұмыс жасауына «Бүркітші» және «Қыран» федерациялары ұйтық болып отыр. Жанашыр жандардың қолдауымен ұлттық спорт түрлері қауымдастығы құрылды. Осының арқа-

сында құсбегілік спорт түрінің біріне айналып, арнайы ережесі түзілді. Бұл түрлі жарыстар өткізуге өз септігін тигізуде. Қазіргі таңда ересектер және жастар арасында түрлі сайыстарда бақ сынап жүр. Сондай-ақ республикалық жарыстардың жоғары деңгейде өтуіне ерекше мән беріліп келеді. Құсбегілер сайыстарға ұлттық киіммен шығады. Біздің құстың бабын білетін азаматтардың есімі алыс-жақын шетелдерге танымал бола бастады. Төрт жыл бұрын біздің бүркітшілер Англияда өткен Әлемдік құсбегілер одағының дүниежүзілік фестиваліне барып қайтты. Бүгінгі күні аталмыш одаққа жер-жаһанның 80-нен астам мемлекеті мүшелікке енген.

Құсбегілік кім көрінгеннің қолынан келе бермейді. Рухы мықты адам қыран құстың тілін түсіне алады. Мәселен, зенгір көкте самғайтын бүркіт

рухы жоғары адамға бағынады. Бұл жайында тарихшы-этнограф Данияр Жексенбіұлы «Әлемде құсбегілік өнерге бет бұрған жұрт баршылық. Бір қызығы, олардың ешқайсысы біздей бүркіттің бабын біле бермейтініне көзім жетті. Қазақем аншы құстарды үш топқа бөліп қарайды. Алғашқысына бүркіттің Алатау ақиығы, Алтай мұзбалағы, Дала және құм бүркіттері жатады. Екіншісі, сұңқар тобына ителгі, лашын, күйкентай, тұрымтай жатқызылса, үшіншісінде қаршыға мен түйғын бар» дейді бізбен әңгімесінде.

Саятшылық өнер біздің өңірде мүлдем құрып кете қойған жоқ. Бар болғанның өзінде, олардың саны өте аз. Солардың бірі — Жанақорған ауданы «Келінтөбе» ауылында тұратын Ерболат Әлиев бұл кәсіппен соңғы 20 жылдан астам уақыттан бері құсбегілік өнерге ден қойып жүр екен. Алғашқыда бүркітті қолға үйреткен. Қазір қаршыға баптауға көңіл бөлген. Ол кісінің айтуынша, бүркітті балапан кезінен баптау керек екен. Өкініштісі, бұл құс қазір біздің жерде ұя салмайтын көрінеді.

Бүгінгі күндері Қызылорда ақ көрпесін жамылып жатыр. Бұл кезге ертеде ерекше дайындалатын еді. Оны қансонар дейтін. Қазір олардың қатары мүлдем азайып қалған секілді...

Ә.ТҮРСЫНБЕКҰЛЫ.

● БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ

ӘЛІБИ ЖАНГЕЛДИН сурет салады

Атақты адамдардың есімі мен ата-тегін иеленген балаларымыз аз емес. Біздің өңірдің өзінде Мағжан Жұмабай, Нұрсұлтан Назарбаев, Олжас Сүлеймен, Мақпал Жүнісова секілді жас буын өсіп келеді. Осындай ырымдап қойылған аттын бірін Әліби есімді он бір жасар қызылордалық алып жүр. Ал, оның әкесінің аты — Жангелді.

Кенес үкіметінің прогрессивтік қадамдарын құптап, өз өмірін қазақ халқының өркендеуіне арнаған тарихи есім, халық комиссары Әліби Жангелдин туралы бәріміз білеміз.

Біздің Әліби болса балабақшада жүріп-ақ сурет салумен әуестенген. Қазір Қызылорда қаласындағы №197 орта мектептің 4-сыныбында оқитын ол өзінің көрген мультфильмдеріндегі кейіпкерлерді қағазға айнытпай түсіреді. Қалалық оқушылар сарайындағы сурет үйірмесіне барады. Үйірме жетекшісі Жұпар Сейітбекова оның болашағынан зор үміт күтетінін айтады.

Анасы Гүлназ Беркінбаева былай дейді: — Әліби тиянақтылықты жақсы көреді. Ойға алғанын орындамай тынбайды, кітап жинағанды ұнатады. Түн жарымында тұрып алып, сурет салатыны бар. Оның үстінде мінез-құлқы да өзгеше, ылғи да жан-жағына алаңдап, тыным таппайтыны қызық.

Айтса айтқандай, қызық баланы біз арнайы іздеп тауып алдық. Өңімізге тартпақ болып едік, ол қабырғадағы суретті көшіріп сала бастады. Бірақ салғанына өзінің көңілі толмады, ал, маған ұнады.

...Көзімді оның салған суреттерінен әрірек тастадым. Болашақ қазақ кескіндеме өнерінің бір шыбығы көктеп келе жатқанды көрінді.



Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.

БОЛАШАҒЫ ЗОР ЕЛДІҢ БАҚЫТЫ БАЯНДЫ БОЛМАҚ

Аз уақыттан соң өткен жылды өткеріп, келер жылға қадам басамыз. Әр жыл өз несібесімен келетінін ескерсек, биылғы жыл еліміз үшін берекелі жыл болды деп айтуға болады. Оны еліміздің дамуында даңғыл жолына түсіп, қай салада болмасын көш ілгерілеп келе жатқандығынан байқаймыз. Бүгінгі күні қазақ елі Елбасының пайымды парасатының, бейбітшілік деген қастерді ұғымның арқасында өзімізге өнеге, өзгелерге үлгі болып келеді. Қашанда өткеніне шүкірлік ете білетін қазақ халқы басына қонған бұл бақты жан дүниесімен сезініп, қастерлейтіні сөзсіз. Биыл тәуелсіздігіміздің 22 жылдығын атап өттік. Бұл еліміздің ең үлкен жеңісі болса, осы уақыт аралығында жеткен жетістігіміз жетерлік. Соның бірі қоғамдық тұрақтылық пен келісімнің сақталуы. Осының нәтижесінде Қазақстан әлемдік қауымдастық таныған елге айналды. Н.Назарбаев

өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Біздің еліміз — талассыз халықаралық беделге ие жауапты да сенімді серіктес. Біз жаһандық болашақтың нығайту ісінде маңызды рөл атқарамыз, халықаралық терроризмге, экстремизмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте әлемдік қауымдастықты қолдаймыз» деген болатын. Бұл дегеніміз, дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын мықты, өрісі кең халық екенін әлем танытындығының белгісі деп білемін. Осындай елдікті сақтап, халықтың бірлігін ұстап отырған Президенті, бәсекелестікке қабілетті, өркеніетті елі бар халқымыз бүгінгі күннің бақыты ұрпағы.

Батырхан БЕКЕТОВ,
ЗК 169-І мекеме бастығының кезекші көмекшісінің орынбасары.

АЛЬЯНСДЕПОЗИТ

9,4%

жылдық тиімді
мөлшерлемесі теңгемен

БАНКТІҢ ҚОСАТЫНЫ

+7%

Салымды толықтыру — шектелмеген.

Бөлшектеп алу мүмкіндігі.

Сыйақы мөлшерлемесін бекіту — барлық мерзімге бекітіледі.

АльянсБанк

7575

ҚР Қоры қаржы және қоры ұйымдарын ретлеу мен қадағалау агенттігі «Альянс Банк» АҚ-ы 2012-07-07 берген № 250 лицензия

2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығын арттыру, өлім-жітім санын азайту екені белгілі. Бұл орайда денсаулық сақтау саласында көптеген ауқымды жұмыстар атқарылуда. Соның ішінде Еуропада ХХ ғасырдың орта шенінен медицина ғылымында қолданыла бастаған трансплантациялауды біздің елімізде де пайдалану қолға алынуда. Мәселен, бүгінгі таңда республика көлемінде 3000-ға жуық адам бүйрек алмастыру үшін өз кезегін күтіп отырса, 200-ге жуық науқас бауыр және жүрек алмастыруға мұқтаж. Бұл орайда дәл осы жандардың өмірін трансплантациялау арқылы сақтап қалатын мүмкіндік бар екен. Яғни, трансплантациялау тәсілін қолдану арқылы адам өлімін азайтуға болады. Әрине, мұндай оталар күрделі әрі қымбат оталар болып саналады. Әйтсе де, бүгінде республикамыздың білікті хирургтері күрделі және қымбат оталарды елімізде де жасауға болатынын дәлелдеп отыр. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан нақты қолдаулардың арқасында бізде де қымбат оталарды жасауға мүмкіндік туы. Енді науқастар аға алмастыруды қажет ететін оталарды жасау үшін шетел аспаса да болады. Осы орайда денсаулық сақтау саласының қарқынды дамуына ықпал ететін трансплантология және адам ағзаларын ауыстыратын хирургиялық оталар туралы білмекке облыстық медицина орталығы директорының хирургия саласы бойынша орынбасары Нұриддин Әмітовпен сұхбаттасқан едік.

ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯ — ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ

— Нұриддин Егембердіұлы, бүгінде отандық медицина қарқынды дамып келеді. Оған дәлел күнін күнне көптеп жасалған жаппай күрделі оталар. Тағы бір көрінісі — трансплантология. Қазақстандық хирургтер қол жеткізген осынау үлкен жетістік туралы сіз не айтар едіңіз?

— Иә, трансплантология — отандық медицинадағы үлкен жетістік. Осында бес-алты жыл бұрын бұл тек қол жетпес қиыл, асы бермес арман болатын. Елбасының сарабдал саясатының, отандық медицинаға деген шынайы қамқорлығының арқасында бұған да қол жеткіздік. Қазақстандықтар саулығын сақтау ісіне Елбасы мен Үкімет ардайым ерекше көңіл бөліп, оны дамытуға жыл сайын көлемді қаржы бөліп келеді. Трансплантациялау деген ұғымның өзіне тоқталар болсақ, бұл — туысқан немесе өмірден қайтқан жаннның ішкі ағза мүшелерін алып-салып болып табылады. Ішкі ағзалар трансплантациясы дегеніміз — емдеудің жоғары технологиялық үлгісі ғана емес, өз негізінде жоғары санаттағы мамандар мен жоғары техникалық құрылғыларды пайдалану арқылы іске асады. Трансплантологияның хирургия саласына қояр жоғары техникалық талабы да бар. Бүгінгі таңда Қазақстан өз кезегінде трансплантология тәсілін медицина саласына жүйелі түрде енгізу арқылы отандастарымыз үшін емдеудің сапалы озық технологиясын ұсынып отыр. Емдеудің бұл түрі әрбір қазақстандық үшін тегін жүргізіледі. Мысалы, бытыр еліміздің хирургтері созылмалы жүректің жетіспеушілігі диагнозы қойылған науқасқа донорлық жүрек трансплантациясын жасалады. Бұл отаны Чехияның кардиохирургі Жан Пирхтін қатысуымен еліміздің жетекші кардиохирургі, медицина ғылымдарының докторы Юрий Пия жасады. Ота сәтті өтті. Бұл отандық медицинада үлкен жетістік, алға басу әрі ірі жеңіс болып саналады.

— Бұл Қазақстанда жасалған алғашқы күрделі ота екенігізінде дәу жоқ. Бұған дейін елімізде трансплантациялық оталар жасалып па еді?

— 2011 жылдан бері отандық оташылар Орта Азия мемлекеттері арасында алғаш рет бауыр, жүрек, сүйек кемігін алмастыру операцияларын ойдағыдай іске асырды. Ал, бүйрек алмастыру оталары елімізде А.Н.Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығында 1978 жылдан бастап жасалуда. Бүгінгі күнге дейін елімізде 600-ге жуық науқас бүйрегін алмастырды. Егер 2009 жылы елімізде органдар мен сүйек майына бар-жоғы 4 ота жасалған болса, олардың саны 2012 жылы 74-ке, ал үстемізгегі жылдың алты айында 93-ке жеткен. Бір ғана мысал, Алматыдағы №7 клиникалық аурухананың бас дәрігері Болат Баймаханов бастаған хирургтардың бүйректі алмастыру операцияларын жасауға кірісуі — елімізде трансплантологияның дамуының көрінісі деп айтуға болады. Біздің облысымызда да ішкі ағзаларын алмастыру операциясына мұқтаж науқастар баршылық. Мәселен, бүгінгі таңда аймақта жасанды бүйрекпен өмір сүріп жатқан 100 науқас болса, оның 20-сы аталған операцияны күтуде. Ал олардың жас шамасы 20-40 жас аралығындағылар. Яғни, тепсе темір үзетін, жұмысқа қабілетті жастағылар. Сол секілді бауырға қатысты да осындай отаны қажет етушілер бар.

— Күрделі оталар жасалған жылдар күнтізбесіне қарап отырып, ел медицинасында едәуір дамығанын байқауға болады. Трансплантологияны әрі қарай дамыту үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

— Адам және жануарлар ағзалары мен тінін алмастырып салу ғылымын трансплантология деп атайды. Бұл сөз латын тілінен енген. Жарамсыз, дертті органдарды алмастыру — алмазаттын ертелеу келе жатқан арманы. Тегі қабатының орнын ауыстырып салу әрекеті алғаш рет біздің заманымыздан бұрын 1500 жылы жасалған. Клиникалық тәжірибеде бұлшық етті, сіңірді, қан тамырларын, жүйке талшықтарын, сүйек кемігін ауыстырып салу жиі қолданылады. Тарнсплантацияның ерекше бір түрі — қан құю. Қазіргі кезде ең жиі

алмастырылатын орган бұл бүйрек болып саналады. Әлем ғалымдарының ізденістері нәтижесінде 1953 жылы Биллингем, Брент және Медлава «жасанды бүйрек» аппаратын ойлап шығарды. Көп ұзамай дәрігерлер Хьюм, Меррил және торн алғаш рет адамдарға бүйрек алмастыру оталарын жасап, тәжірибеге енгізді. 1954 жылы Мүррей бүйрек алмастыруды сәтті аяқтады. Ота жасаған науқас сегіз жыл өмір сүрді. КСРО-да мұндай операцияны бірінші болып 1965 жылы белгілі академик-хирург Борис Васильевич Петровский жасады. Бауырды алмастыру проблемалары бүйректен кейін қолға алынды. Ал, бүгінгі заманауи медицина бір меңгізде жүрек, өкпе, бауыр, сонымен бірге үйкі безі секілді бірнеше ағзаны ауыстыруға мүмкіндік беріп отыр. Мәліметтерге сүйенсек, жасанды жүрек адам өмірін 5-6 жылға, жүректі трансплантациялау науқастың өмірін 15-20 жылға ұзартады. Тағы бір дерек, әлемнің әрбір онынның тұрғыны немесе 500 миллион адам бүйрек жетіспеушілігіне шалдыққан. Бүйректің созылмалы жетіспеушілігінен зардап шеккендердің өзіндік өзартудың бір жолы — диализ, яғни, жасанды бүйрек аппараты арқылы қанды тазалау болса, бұл сырқаттан айығу жолы ол бүйрек ауыстыру. Біздің елімізде заң бойынша көз жұмған науқастың ағзасын туыстарының рұқсатымен ғана трансплантациялауға болады. Екімк маркум туысының ағзасын донорлыққа қимайтыны белгілі. Сондықтан, трансплантологияны дамыту үшін алдымен, қоғамдық көзқарасты өзгерту керек. Бізде жоғарыда атап өткеніміздей, трансплантант мәселесі қиындау болып тұр. Яғни, науқас ағзасын алмастыратын донорлық бүйрек, бауыр, жүрек және басқа органдар тапшы, бір сөзбен айтқанда, донор жоқтың қасы. Болған күннің өзінде донор болатын адамның денсаулығы жарамайды немесе қан тобы, иммундық жүйелер сәйкес келмейді.

— Демек, донор мәселесі шешімін тапса, трансплантология ғылымы да дами түседі деген сөз ғой?

— Әрине, әлемдік тәжірибеде трансплантациялау хал үстінде жатқан донордан жасалады. Егер де донор деңі сау туысқан адам болса, медицина қаншалықты қарқынмен дамыса да трансплантация кезінде донор өміріне қауіп барлығы ескертіледі. Трансплантациялаудың бұл түрі нақтылы алынғын-салынатын ішкі ағзалардың кейбірін қатысты. Яғни, өмірінің соңғы сәттерін өткізіп жатқан бір жаннның ішкі ағзалары өзгені дерттен құтқара алады. Дәл осындай бір адам жүрек, бауыр, бүйрек алмастыру үшін өз кезегін күтіп жүрген ондаған емделушіге донор бола алады. Біздің қоғам әлі де мұндай шешімге дайын емес, соның салдарынан күндеп емес, сағат сайын ажалдан арашаңдап алуға болатын қанша отандастарымыздан айырылуымыз. Адам өмірін сақтап қалу басты міндетіміз. Трансплантологияны дамыту арқылы қазақстандық дәрігерлер де ел сенімі мен үмітін ақтап, халық денсаулығын сақтау ісіне елеулі үлес қосуда. Мәсәат ақын, меже белгілі. Отандық медицинаны әлемдік деңгейге жеткізуге ғалым-дәрігерлер батыл бел буып отыр. Өған біздің елде барлық мүмкіндік бар.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаты жүргізген: Айнұр БАТТАЛОВА.

«ДАМУ» қорының кепілдігі – несие алудың мүмкіндігі

Сіз – кәсібин жаңа бастаған кәсіпкерсіз бе?

Өз бизнесіңізді дамыту үшін, Сізге несие керек пе? Ал банк мамандары несие алу үшін Сіздің кепілзатыныңыздың құны жеткіліксіз дейді.

Не істеу керек? Мұның шешімі бар!

Экспресс-кепілдік алу үшін «Даму» Қорына өтініш жасаңыз. «Даму» Қоры кепілзатыңыздың жеткіліксіз сомасының орнына берілетін кепілдікті бес күн ішінде мақұлдайды.

Несие алуға өтініш

Кепілдік алуға өтініш

Кепілдік алуға берілген өтініш мақұлданды

Кепілдік алуға өтініш

Өз ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге арналған экспресс-кепілдіктер

Өз ісін жаңа бастаған кәсіпкер — бұл құрылғанына мемлекеттік қолдауды алуға өтініш банкке берген уақытта дейін бір жыл болмаған және кәсіпкер (заңды тұлға ретінде құрылғанын) немесе заңды тұлға.

НЕСИЕ

20 млн теңгеге дейін, қоса есептегенде

КЕПІЛДІК

несиенің 70%-на дейін

НЕСИЕ БОЙЫНША МӨЛШЕРЛЕМЕ

14%-ға дейін

НЕСИЕ МАҚСАТЫ

1. Инвестициялар

2. Құрамдастырылған Инвестициялар және айналым қаражатын толтыру

3. Айналым қаражатын толтыру

Салық, жалақы, несие өтелімі және т.б. төлемдерден басқа

КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ

Инвестициялар бойынша

Айналым қаражатын толтыру бойынша

3 жылға дейін

5 жылға дейін

«ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ ӨТІНІШТІ ҚАРАУ УАҚЫТЫ

5 жұмыс күні

Кепілдікке ие болу шарттары:

БІЗНЕС САЛАСЫ	«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасында көрсетілген басым бағыттар
НЕСИЕ АЛУҒЫШЫ ПІРІА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛАПАТ	Өзіге де несипер немесе лицензия, қасиеттер бойынша мерзімі өткен борышының болмауы
ҚОР КОМИССИЯСЫ	Кепілдік мерзімі 2 жылға дейін болған жағдайда кепілдік сомасының 0,5 %-ы Кепілдік мерзімі 2 жылдан артық болған жағдайда кепілдік сомасының 1%-ы

Call-орталық: 1408 (тегін)
8 800 080 18 90 (тегін)
www.damu.kz

Егер сіз облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттеріне жарнама орналастырғыңыз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз: 70-00-49, 70-00-52. E-mail: smjarnama@mail.ru

Менің іс:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
телефакс

70-00-36

Сыр Бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі

40-02-17

Бас редактордың орынбасары

Жауапты қатыс

70-00-43
70-00-81

бөлімдер:

руханат және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-хисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмбег Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шығы, Жанақорған: Нұржан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru
site: www.syrboy.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мәдениет комитетіне тапсырылған.

Тіркеу күні: №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторлық қаламыз тапсырыс бойынша төлемді, қолжазба өкілетті және қайтарылмайды. Жарнамаға қатысты түпнұсқа көздермен білдірілмейді. «АҚ»-ағылы құмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатылғы, «Сыр медиа» ЖШС-е баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы.

Сұтпан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Казпотт" - 23-54-61, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редация мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұтпан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 21085

Тапсырыс № 38